

## **"Өз кәсібінің үздігі" атағын беру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 44 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 28 маусымда № 34653 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 272-бабының 3-1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Өз кәсібінің үздігі" атағын беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі*

*А. Альназарова*

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2024 жылғы 28 маусымдағы  
№ 44 Бұйрықпен  
бекітілген

## **"Өз кәсібінің үздігі" атағын беру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Өз кәсібінің үздігі" атағын беру Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 272-бабының 3-1-тармағына сәйкес әзірленді және меншік нысаны мен ведомстволық тиістілігіне қарамастан денсаулық сақтаудың білім беру ұйымдарының

медицина және/немесе фармацевтика қызметкерлеріне "Өз кәсібінің үздігі" атағын ( бұдан әрі – атак) беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) апелляциялық комиссия (бұдан әрі – Апелляциялық комиссия) – конкурстың нәтижелерін қайта қарау үшін республикалық, облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астана) деңгейлерде құрылатын комиссия;

2) конкурсқа қатысушы портфолиосы – онда қатысушының денсаулық сақтау саласындағы медицина және фармацевтика қызметіндегі/білім беру қызметіндегі жеке және кәсіби жетістіктері, медицина және фармацевтика қызметкерінің денсаулық сақтау жүйесін дамытуға/білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу мен дамыту нәтижелерімен қосқан үлесі, денсаулық сақтау жүйесін дамытуда оқытушының үлесі ұсынылатын жеке папка (электрондық парақша);

3) өңірлік конкурстық комиссия (бұдан әрі – Өңірлік комиссия) – конкурстың өңірлік кезеңінің жеңімпаздарын анықтау және конкурстың келесі кезеңіне қатысуға ұсыным беру үшін облыстық (республикалық маңызы бар қалалар мен астана) деңгейінде құрылған комиссия;

4) республикалық конкурстық комиссия (бұдан әрі – Республикалық комиссия) – номинациялар бойынша "Өз кәсібінің үздігі" атағын беру үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган құрған комиссия.

3. Бұл атак денсаулық сақтау саласындағы жоғары жетістіктері үшін оларды ынталандыру және қолдау мақсатында медицина және фармацевтика қызметкерлеріне беріледі.

4. Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне мынадай номинациялар бойынша атақтар беріледі:

- "Үздік стационар дәрігері",
- "Үздік медициналық-санитариялық алғашқы көмек дәрігері",
- "Үздік жедел жәрдем дәрігері",
- "Үздік ауыл дәрігері",
- "Үздік провизор",
- "Үздік денсаулық сақтау менеджері",
- "Үздік медициналық ЖОО оқытушысы",
- "Үздік санитариялық-эпидемиологиялық бейін дәрігері",
- "Үздік санитариялық-эпидемиологиялық сараптама маманы",
- "Үздік денсаулық сақтаудағы әлеуметтік қызметкер",
- "Үздік медицина колледжі оқытушысы",
- "Үздік денсаулық сақтау саласындағы ғалым",
- "Үздік стационар мейіргері",
- "Үздік медициналық-санитариялық алғашқы көмек мейіргері",
- "Үздік ауыл мейіргері",

- "Үздік акушер",
- "Үздік фельдшер".

5. Медицина және фармацевтика қызметкеріне сол бір номинация бойынша атақ он жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

## **2-тарау. "Өз кәсібінің үздігі" атағын тағайындау тәртібі**

6. "Өз кәсібінің үздігі" атағын беру конкурсына штаттық қызметкерлер болып табылатын және конкурсқа қатысу үшін құжаттарды ұсыну сәтінде үздіксіз өтілі бар, конкурсқа құжаттарды ұсыну сәтінде мынадай талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтары, денсаулық сақтау ұйымдары мен денсаулық сақтаудың білім беру ұйымдарының медицина және фармацевтика қызметкерлері қатысады (бұдан әрі – конкурсқа қатысушы):

1) кемінде 10 жыл үздіксіз практикалық жұмыс өтілі бар дәрігерлер, фельдшерлер, акушерлер, мейіргерлер;

2) кемінде 10 жыл үздіксіз практикалық жұмыс өтілі бар денсаулық сақтаудағы әлеуметтік қызметкерлер;

3) кемінде 7 жыл үздіксіз практикалық жұмыс өтілі бар менеджерлер, провизорлар;

4) кемінде 7 жыл үздіксіз практикалық жұмыс өтілі бар санитариялық-эпидемиологиялық бейін дәрігерлері және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама мамандары;

5) педагогикалық немесе ғылыми үздіксіз жұмыс өтілі кемінде 7 жыл медициналық жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО), ғылыми-зерттеу институттарының (бұдан әрі – ҒЗИ), ғылыми орталықтардың (бұдан әрі – ҒО) және колледждердің оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері.

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – ҚР ДСМ ) "Өз кәсібінің үздігі" конкурсын өткізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын оны өткізу туралы ресми интернет-ресурста жариялайды.

8. Конкурс жыл сайын екі кезеңде – өңірлік және республикалық кезеңдерде өткізіледі.

9. Конкурстың I (өңірлік) кезеңі – өңірлік, облыс (республикалық маңызы бар қалалар және астана) деңгейінде өткізіледі, онда конкурстық комиссия II (республикалық) кезеңге қатысу үшін ұсынатын конкурстың жеңімпаздары айқындалады:

1) өңір (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейінде – 15 номинация бойынша "Үздік стационар дәрігері", "Үздік медициналық-санитариялық алғашқы көмек дәрігері", "Үздік жедел жәрдем дәрігері", "Үздік ауыл дәрігері", "Үздік провизор", "Үздік денсаулық сақтау менеджері", "Үздік санитариялық-эпидемиологиялық бейін дәрігері", "Үздік санитариялық-эпидемиологиялық сараптама маманы", "Үздік денсаулық сақтаудағы әлеуметтік қызметкер", "Үздік стационар мейіргері", "Үздік

медициналық-санитариялық алғашқы көмек мейіргері", "Үздік ауыл мейіргері", "Үздік акушер", "Үздік фельдшер", "Үздік медицина колледжі оқытушысы";

2) медициналық ЖОО-лар, ҒЗИ, ҒО, сондай-ақ көп бейінді ЖОО-лар жанындағы медициналық факультеттер, медицина мектептері деңгейінде – 2 номинация бойынша "Үздік медициналық ЖОО оқытушысы", "Үздік денсаулық сақтаудағы ғалым";

10. "Үздік стационар дәрігері", "Үздік медициналық-санитариялық алғашқы көмек дәрігері", "Үздік жедел жәрдем дәрігері", "Үздік ауыл дәрігері", "Үздік провизор", "Үздік денсаулық сақтау менеджері", "Үздік санитариялық-эпидемиологиялық бейін дәрігері", "Үздік санитариялық-эпидемиологиялық сараптама маманы", "Үздік денсаулық сақтаудағы әлеуметтік қызметкер", "Үздік стационар мейіргері", "Үздік медициналық-санитариялық алғашқы көмек мейіргері", "Үздік ауыл мейіргері", "Үздік акушер", "Үздік фельдшер", "Үздік медицина колледжі оқытушысы" номинациялар бойынша атақ беруге үміткерлерді іріктеу үшін денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы орган денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкерлері, ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау, Санитариялық – эпидемиологиялық бақылау комитеттерінің (бұдан әрі – ДСМ комитеттері), медициналық ұйымдардың, колледждердің, кәсіподақ комитеттерінің, үкіметтік емес ұйымдардың және қоғам қайраткерлерінің ішінен Өңірлік комиссия құрады. Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен сайланатын Комиссия Төрағасы болып адам тағайындалады.

11. Өңірлік комиссияның отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі болған кезде заңды болып саналады.

Өңірлік комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде Өңірлік комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

12. Өңірлік комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, жалпы бақылауды жүзеге асырады.

13. Хатшы Өңірлік комиссияның қызметіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, сондай-ақ:

1) осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау;

2) конкурс өткізуді ұйымдастыру;

3) өңірдің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) конкурс қорытындылары бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган конкурс жариялау кезінде белгілеген мерзімдерде республикалық комиссияның хатшысына материалдарды (құжаттар), бағалау кестелерін және отырыс хаттамасын ұсынады.

14. Өңірлік комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және отырыстың хаттамасымен ресімделеді.

15. Конкурстың ІІ (республикалық) кезеңіне бір ғана үміткер – әрбір номинация бойынша өңірлік деңгейде тиісті номинация бойынша конкурстың жеңімпазы ұсынылуы мүмкін.

16. Өңірде (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) конкурс жеңімпаздарын таңдау кезіндегі жалпы өлшемшарттар осы Қағидаларға 3, 4, 6, 8-қосымшаларға сәйкес номинациялар бойынша атақ беруге конкурсқа қатысушылардың сапалық және сандық көрсеткіштерінде және рейтингінде көрсетілген өлшемшарттар болып табылады.

17. "Үздік медициналық ЖОО оқытушысы", "Үздік денсаулық сақтау саласындағы ғалым" номинациялары бойынша атақ беруге үміткерлерді іріктеу үшін медициналық ЖОО, ҒЗИ, ҰО, сондай-ақ көп бейінді ЖОО жанындағы медицина факультеттері, медицина мектептері жанынан конкурстық комиссия (бұдан әрі – ЖОО, ҒЗИ, ҰО комиссиясы) құрылады.

18. ЖОО, ҒЗИ, ҰО комиссия құрамы ЖОО ректорының, ҒЗИ, ҰО бірінші басшысының бұйрығымен бекітілетін, конкурс өткізетін тиісті ұйымның өкілдерінен, кәсіподақ комитеттерінен және үкіметтік емес ұйымдардан кемінде 9 адамнан тұратын мүшелерден тұруы тиіс. Комиссия құрамынан төраға мен хатшы сайланады.

19. ЖОО, ҒЗИ, ҰО комиссиясының төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, жалпы бақылауды жүзеге асырады.

20. Хатшы ЖОО, ҒЗИ, ҰО комиссиясының қызметіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, сондай-ақ:

- 1) конкурсанттардың құжаттарын қабылдау;
- 2) конкурс өткізуді ұйымдастыру;
- 3) ЖОО, ҒЗИ, ҰО конкурсының қорытындысы бойынша конкурс жариялау кезінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген мерімдерде Республикалық комиссия хатшысына материалдарды, бағалау кестелерін және отырыс хаттамасын ұсынады.

21. ЖОО, ҒЗИ, ҰО комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және Республикалық комиссияға ұсыну үшін отырыстың хаттамасымен ресімделеді. ІІ (республикалық) кезеңге – әр номинация бойынша бір ғана үміткер ЖОО, ҒЗИ, ҰО деңгейінде тиісті номинация бойынша конкурстың жеңімпазы номинациялануы мүмкін.

22. Осы Қағидаларға 5 және 7-қосымшаларға сәйкес номинациялар бойынша атақ беруге конкурсқа қатысушыларды бағалау және саралау әдістемесінде көрсетілген өлшемшарттар медициналық ЖОО-ларда, ҒЗИ, ҰО-да конкурс жеңімпаздарын таңдау кезінде жалпы өлшемшарттар болып табылады.

23. Конкурстың І (өңірлік) кезеңіне қатысу үшін үміткерлер мынадай құжаттарды (материалдарды) ҚР ДСМ ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ҚР ДСМ АЖ) арқылы немесе қағаз жеткізгіште мынадай құжаттарды (материалдарды) береді:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Өз кәсібінің үздігі" атағын беру конкурсына қатысуға арналған нысан бойынша өтінім;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысушының портфолиосы;

3) осы Қағидаларға 3-8-қосымшаларға сәйкес сапалық және сандық көрсеткіштерге сәйкес мәліметтер;

24. Конкурсқа ұсынылған құжаттар денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органның қызметкерлері мен денсаулық сақтау саласындағы білім беру және ғылыми ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамы, ҚР ДСМ комитеттерінің аумақтық департаменттерінің өкілдері (бұдан әрі – Сараптама тобы) ішінен құрылған сараптама тобы жүзеге асыратын сараптамадан өтеді.

25. Сараптама тобының құрамы денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы орган басшысының, ҚР ДСМ Комитеттерінің аумақтық департаменті басшысының бұйрығымен бекітіледі. Сараптама тобы құрамының мүшелері Комиссия құрамына кірмейді.

26. Сараптама тобы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес сапалық және сандық көрсеткіштерге сәйкес әрбір үміткер бойынша қорытынды береді. Қорытынды Өңірлік комиссияның қарауына беріледі.

27. Конкурсқа үміткер дұрыс емес немесе толық емес мәліметтерді ұсынған жағдайда, сараптама тобы оны жазбаша негіздемесімен қатысушылар тізімінен шығару туралы ұсынысты Өңірлік комиссияға ұсынады.

28. Өңірлік комиссия сараптамалық топтың қорытындысы негізінде Конкурстың II (республикалық) кезеңіне қатысуға үміткерлерге номинациялар бойынша "Өз кәсібінің үздігі" атағын беру туралы шешім шығарады және конкурстық құжаттаманы жібереді.

Өңірлік комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және ДСМ АЖ-да орналастырылады.

29. Денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органдар, ДСМ комитеттерінің аумақтық департаменттері, денсаулық сақтау саласындағы білім беру және ғылыми ұйымдары өңірлік конкурстың қорытындылары және Өңірлік комиссияның сараптамалық қорытындысы бойынша нәтижелер жарияланғаннан кейін екі тәулік ішінде уәкілетті органға конкурстың республикалық деңгейіне қатысу үшін әрбір номинация бойынша 1-уден аспайтын үміткер береді.

30. Өңірлік комиссияның оң шешімін алған үміткерлер конкурстың II (республикалық) кезеңіне қатысу үшін жіберіледі.

31. ҚР ДСМ конкурстың I (өңірлік) кезеңінің бұзылғанын анықтаған жағдайда конкурстық құжаттаманы қайта қарауға жібереді.

32. Конкурстың II (республикалық) кезеңі – республикалық, жыл сайын маусым айында өткізіледі, онда конкурстың жеңімпаздары айқындалады.

Конкурстың ІІ (республикалық) кезеңін Республикалық комиссия өткізеді, көпшілік дауыспен сайланатын Республикалық комиссия мүшелерінің арасынан адам төрағасы болып (бұдан әрі – Республикалық комиссияның төрағасы) тағайындалады.

33. Республикалық комиссия ҚР ДСМ, үкіметтік емес ұйымдардың және денсаулық сақтаудағы кәсіподақ ұйымдарының өкілдерінің, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы ғалымдар мен сарапшылар қатарынан құрылады.

34. Республикалық комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды (19 адамнан аспайды). Республикалық комиссияның отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды болып саналады.

Республикалық комиссияның құрамын уәкілетті орган бекітеді.

35. Конкурстық құжаттама ҚР ДСМ АЖ-де бекітіледі және (немесе) түпнұсқада қағаз жеткізгіште ұсынылады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан және номинациялар бойынша "Өз кәсібінің үздігі" атағын беру конкурсына қатысуға өтінім;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушы тұлғаның портфолиосы;

3) осы Қағидаларға 3, 4, 5, 6, 7, 8-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштері.

4) Өңірлік комиссияның шешімі.

36. Конкурсқа берілген құжаттар ұсынылған материалдардың толықтығы мен дұрыстығын тексеруден өтеді. Тексеруді ҚР ДСМ бейінді департаменттері, ҚР ДСМ штаттан тыс бас мамандары, ғалымдар, денсаулық сақтау саласындағы білім беру және ғылым ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – республикалық сараптама тобы) ішінен сараптама тобы жүзеге асырады.

37. Конкурсқа қағаз жеткізгіште берілген құжаттар қайтарылмайды.

38. Республикалық сараптама тобының құрамы Министрліктің бұйрығымен бекітіледі. Республикалық сараптама тобы құрамының мүшелері республикалық комиссияның құрамына кірмейді.

39. Республикалық сараптама тобы осы Қағидаларға 3, 4, 5, 6, 7, 8-қосымшаларға сәйкес сапалық және сандық көрсеткіштерге сай әрбір үміткері бойынша қорытынды береді

40. Конкурсқа қатысушы дұрыс емес мәліметтер ұсынған жағдайда, Республикалық сараптама тобы жазбаша негіздемесіне сай оны қатысушылар тізімінен шығару туралы ұсынысты Республикалық комиссияға ұсынады және үміткер келесі 3 жыл ішінде конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

41. Республикалық сараптама тобының қорытындылары негізінде әрбір үміткер бойынша сапалық және сандық көрсеткіштердің балдары есептеледі.

Үміткерлердің рейтингі ДСМ АЖ-дағы балдарды саралаудың кему жүйесі бойынша кесте түрінде ресімделеді.

Кестемен бірге Республикалық сараптама тобының хаттамасы Республикалық комиссияның қарауына беріледі.

42. Республикалық комиссияның номинациялар бойынша "Өз кәсібінің үздігі" атағын беру туралы шешімі қатысқан мүшелердің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Республикалық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде Республикалық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

43. Республикалық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

44. Конкурс қорытындысы Министрліктің ресми интернет-ресурсында жарияланады.

45. Ұсынылған номинациялар бойынша конкурс жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі маусым айында Медицина қызметкері күнін мерекелеу шеңберінде өткізіледі.

46. Үміткерлер конкурс нәтижелерімен келіспеген жағдайда нәтижелер жарияланған күні оны апелляцияға бере алады.

47. "Өз кәсібінің үздігі" республикалық конкурсының әр номинация бойынша жеңімпаздарына Қазақстан Республикасының Республикалық бюджет туралы Заңында белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 500 еселенген мөлшерінде біржолғы төлем қарастырылған.

### **3-тарау. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі**

48. Конкурсқа қатысушы Өңірлік комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда Апелляциялық комиссияға шағымдана алады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Өңірлік комиссияның шешіміне сотқа шағымдану Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін жүргізіледі.

49. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы жыл сайын денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органның, денсаулық сақтау саласындағы білім беру және ғылыми ұйымдарының бұйрығымен бекітіледі.

Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың Апелляциялық комиссиясының құрамына: сараптама тобы не Өңірлік комиссия шеңберінде кандидаттарды іріктеу бойынша бұрын шешім қабылданбаған денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы органның, денсаулық сақтау саласындағы үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері мен өзге де мүдделі тараптар кіреді.

Апелляциялық комиссия мүшелерінің саны тақ саннан тұрады. Апелляциялық комиссияның мүшелері отырыстарға ауыстырусыз қатысады. Апелляциялық комиссияның қызметінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда Апелляциялық комиссияның құрамы қайта қаралады.



50. Апелляциялық комиссия даулы жағдайлар туындаған кезде өтінішті қарайды. Конкурсқа қатысушы конкурс нәтижелері жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ҚР ДСМ АЖ электрондық форматта апелляция береді.

51. Апелляциялық комиссияның шешімдері 3 (үш) жұмыс күні ішінде негіздемелер көрсетіле отырып, хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, хатшысы және мүшелері қол қояды.

"Өз кәсібінің үздігі"  
атағын беру қағидаларына  
1-қосымша

"Өз кәсібінің үздігі" атағын беруге конкурсқа қатысушының өтінімі  
Мені "Үздік \_\_\_\_\_" номинациясы бойынша атақ беру конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын. Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны (қысқартуларсыз)	
2.	Туған жылы, күні, айы	
3.	Лауазымы (қысқартусыз)	
4.	Жалпы жұмыс өтілі	
5.	Үздіксіз практикалық жұмыс өтілі	
6.	Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірген)	
7.	Ғылыми дәрежесі / атағы	
8.	Индексі көрсетілген үй мекенжайы	
9.	Жеке куәліктің деректері (нөмірі, қашан және кім берді, жеке сәйкестендіру нөмірі)	
10.	Байланыс телефоны (үй, ұялы)	
11.	Марапаттар, көтермелеулер	

Дербес деректерді өңдеуге келісемін.

Осы өтініште көрсетілген барлық деректер шынайы, ұсынған деректер үшін жеке жауапты боламын.

Қосымша: конкурсқа қатысуға арналған құжаттар \_\_\_\_\_ парақта, оның ішінде қосымшалар \_\_\_\_\_ парақта.

Конкурсқа қатысушы \_\_\_\_\_

(Т. А. Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Толтырылған күні 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"Өз кәсібінің үздігі"  
атағын беру қағидаларына  
2-қосымша

## Конкурсқа қатысушы портфолиосы

1. Конкурсқа қатысушы тұлға туралы жалпы мәліметтер:

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) міндетті түрде 3x4 см мөлшерлі фотосуретімен.

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жұмыс орны бойынша куәландырылған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ. карточкалық базадағы 20 таңбалы қолданыстағы есепшоты туралы хабарлама;

жұмыс өтілі (еңбек және/немесе педагогикалық);

білімі (білімін растайтын құжаттардың көшірмелері);

медициналық ұйымның/білім беру ұйымының басшыларымен куәландырылған конкурсқа қатысушыға ұсыным (бар болған жағдайда) немесе өзге де ұсынымдар (міндетті түрде);

біліктілікті арттыру (соңғы 5 (бес) жылғы сертификаттардың көшірмелері);

наградалар (грамоталардың, мақтау қағаздарының, алғыс хаттардың, төсбелгі куәліктерінің, үкіметтік және мемлекеттік наградалардың көшірмелері);

медицина және фармацевтика қызметкерлерін/оқытушыларын тану (әкімшіліктің, әріптестердің, жұртшылықтың, пациенттердің, білім алушылардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми қоғам өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, халықаралық деңгейдегі дипломдар); қоғамға ықпалы (бұқаралық ақпарат құралдарында тану, үкіметтік емес және қайырымдылық ұйымдарына мүшелік); халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық;

денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты.

2. Жұмыс берушімен расталған соңғы 3 (үш) жылдағы медицинадағы және фармацевтикадағы жетістіктеріне мониторинг нәтижелері (бар болған жағдайда).

3. Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша ақпарат:

педагогикалық тәжірибені қорыту (авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, хаттамалардан үзінді көшірме (бар болған жағдайда), семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, оқытушы қатысқан фестивальдар, озық педагогикалық тәжірибені қорыту және тарату);

зерттеу қызметі (ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша мақалалар жариялау, шығармашылық есептер, ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеу туралы мәліметтер);

білім беру және педагогикалық жобаларды іске асыру жөніндегі материалдар (бар болған жағдайда);

4. Мынадай қызметтер бойынша ақпарат:

сараптамалық қызмет,

ТВ (телевизиялық) сабақтар түсіріліміне қатысу (сертификаттар, анықтамалар немесе бұйрықтар, сараптамалық және жұмыс топтарына қатысуды растайтын ТВ (телевизиялық) сабаққа сілтеме, ТВ (телевизиялық) сабақтар түсіріліміне қатысу;

волонтерлік қызмет, соңғы 3 (үш) жылда қайырымдылық іс-шараларға қатысу (ақпаратты web (веб) – ресурстарда және әлеуметтік желілерде тұрақты орналастыру –

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесінде растайтын құжаттарды (материалдарды), сілтемелерді бекіту).

"Өз кәсібінің үздігі"  
атағын беру қағидаларына  
3-қосымша

"Үздік стационар дәрігері," "Үздік медициналық-санитариялық алғашқы көмек дәрігері", "Үздік жедел жәрдем дәрігері", "Үздік ауыл дәрігері", "Үздік провизор", "Үздік денсаулық сақтаудағы әлеуметтік қызметкер", "Үздік стационар мейіргері", "Үздік медициналық-санитариялық алғашқы көмек мейіргері", "Үздік ауыл мейіргері", "Үздік акушер", "Үздік фельдшер" номинациялары бойынша атақ беруге конкурсқа қатысушының жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштері

Номинация \_\_\_\_\_

Конкурсанттың Т. А. Ә. (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Конкурсанттың лауазымы \_\_\_\_\_

Медициналық ұйымның атауы \_\_\_\_\_

№	Өлшемшарттар	Индикаторлар	Индикаторды бағалау, балл	Конкурсанттың балы	Конкурсанттың көрсетілген индикаторға сәйкестігі туралы ақпарат <sup>1</sup>
1.1	1. Жалпы кәсіби деңгей (max 12)	Мамандығы бойынша практикалық дағдыларды меңгеру дәрежесі	5-толық көлемде меңгерген 3-жеткілікті меңгерген 1-жеткіліксіз меңгерген		
1.2		Жұмыста жаңа технологиялар мен медицина ғылымының жетістіктерін пайдалану	5 - үнемі пайдаланады 3-жеткіліксіз пайдаланады 0 - пайдаланбайды		
1.3		5 жылда 1 рет міндетті біліктіліктен б а с қ а біліктілікті көтеру	1-1 және одан көп рет 0 – біліктілікті көтермеген		
1.4		Кәсіби өсуге ұмтылу	1 - конференцияларға, семинарларға қатысу, медициналық қауымдастыққа,		

			қоғамдарға мүшелік және т. б. 0-қызықпайды		
1.5		Қоғамдық және әлеуметтік жұмысқа қатысу дәрежесі	3-белсенді қатысады 2-қызығушылық танытады 0-қатыспайды		
		Нормативтік құқықтық актіні әзірлеуге қатысу дәрежесі	3-белсенді қатысады 2-қызығушылық танытады 0-қатыспайды		
2.1	2.Әлеуметтік дағдылар (max 11)	Тәлімгерлік	5-екі және одан да көп жас мамандардың ресми тәлімгері 2 - ж а с мамандарға көмектеседі 0 - қатыспайды		
2.2		Пациенттерден пікірлер	3-пациенттер бұқаралық ақпарат құралдарында өз алғыстарын білдіреді 2-пациенттердің жазбаша пікірлері бар 0-жоқ		
2.3		Арнайы медициналық басылымдарда жарияланған мақалалар	3-3 және одан көп 2-2 мақала 0 - жарияланымдар жоқ		
3.1		Дербес компьютерді пайдалану мүмкіндігі	5-жұмыста ағылшын тілінде электрондық кітапхананы пайдаланады, кәсіби медициналық вебинарларға қатысады 2-жұмыста интернетті,		

	3. Жеке қасиеттері (max 13)		электрондық поштаны және т. б. пайдаланады. 1-пайдаланушы 0-меңгермеген		
3.2		Марапаттардың болуы (алғыс хаттар, грамоталар, мемлекеттік наградалар және өзгелер)	5-3 және одан да көп 3-2 марапаттар 0-жоқ		
3.3		Шет тілін білу	3-жеткілікті меңгерген 2-сөйлесу деңгейі 0- меңгермеген		

<sup>1</sup>Бұл бағанда конкурсанттың әрбір индикатор бойынша нақты бағаға сәйкестігін растайтын толық және егжей-тегжейлі мәліметтер көрсетіледі

**Балдардың жалпы саны** \_\_\_\_\_

"Өз кәсібінің үздігі"  
атағын беру қағидаларына  
4-қосымша

**"Үздік денсаулық сақтау менеджері" номинациясы бойынша атақ беруге конкурсқа қатысушының жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштері**

Номинация \_\_\_\_\_

Конкурсанттың Т. А. Ә. (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Конкурсанттың лауазымы \_\_\_\_\_

Медициналық ұйымның атауы \_\_\_\_\_

№	Индикаторлар	Индикаторды бағалау, балл	Конкурсанттың балы	Конкурсанттың көрсетілген индикаторға сәйкестігі туралы ақпарат <sup>2</sup>
I. Базалық (негізгі)				
1.	Медициналық ұйымды аккредиттеудің болуы (max 7)	7-Жоғары 5-Бірінші 3-Екінші		

2.	Медициналық ұйымның қаржылық тиімділігі (max 7)	7-активтердің кірісі 2,5 % және одан жоғары 5-активтердің кірісі 1,1 %-дан 2,4 %-ға дейін 3-активтердің кірісі 0-ден 1-ге дейін 0-активтердің кірісі 0-ден төмен		
3.	Халықтың медициналық қызметтердің сапасына қанағаттану деңгейі	$\geq 80\%$ – 5 $46 < 80\%$ – 2		
4.	Есепті кезеңдегі негізделген шағымдар (max 7)	7- болмауы 5-1 және 2 шағым 0- 2-ден астам шағым		
5.	Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек (max 7)	7-болмауы 5-динамикадағы 15 %-дан астам төмендеуі (алдыңғы есепті кезеңмен салыстырғанда) 0-динамикадағы төмендеуі 15 %- дан аз (алдыңғы есепті кезеңмен салыстырғанда)		
6.	Медицина персоналдының қанағаттану деңгейі	5 – $\geq 67\%$ 3 – 51-66% 0 - $\leq 50\%$		
7.	Нормативтік құқықтық актіні әзірлеуге қатысу дәрежесі	3-белсенді қатысады 2-қызығушылық танытады 0-қатыспайды		
8.	Экономикадағы орташа жалақыға дәрігердің 1 ставкасына орташа жалақының арақатынасы (дәрігердің 1 ставкасына орташа айлық жалақы немесе экономикадағы 1 қызметкердің орташа айлық номиналды	7 – $\geq 1,5$ 5 – 1,2-1,4		

	жалақысы (өңірге байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша)	3 – 1,0-1,1 0 – ≤0,9		
9.	Кадрлармен жасақтау: көрсетілген есепті кезеңнің соңғы күніне қызметкерлердің барлық санаттары бойынша жалпы (жұмыспен қамтылған позициялар (ставкалар) саны = 100 / көрсетілген есепті кезеңнің соңғы күніне қызметкерлердің барлық санаттары бойынша позициялардың жалпы саны)	7 – ≥85% 5 – 80-84% 0 – ≤79%		
10.	Біліктілігін арттырудан, қайта даярлаудан өткен қызметкерлердің үлесі (Біліктілікті арттырудан, қайта даярлаудан өткен қызметкерлердің жалпы саны × 100 немесе біліктілікті арттыруға, қайта даярлауға жоспарланған қызметкерлер саны)	7 – >75% 5 – 51-75% 3 – 26-50% 0 – ≤25%		
11.	Кадрлардың кетуі, (тах 7)	7 – ≤5% 5 – 6-12% 3 – 13-19% 0 ≥ 20%		
	Менеджерді қосымша оқыту: "Қоғамдық денсаулық сақтау ("	7-мамандығы бойынша магистр/		

12.	Денсаулық сақтау менеджменті", "Менеджмент") мамандығы бойынша магистратураның болуы, "Денсаулық сақтауды ұйымдастыру" ("Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтаудағы менеджмент") мамандығы бойынша біліктілік санатын беру туралы куәлік (max 7)	PhD докторы + мамандығы бойынша біліктілік санатын беру туралы куәлік 5-мамандығы бойынша магистр 3-мамандығы бойынша біліктілік санатын беру туралы куәлік 0-жоқ (мамандығы бойынша магистратура, мамандығы бойынша біліктілік санатын беру туралы куәлік)		
II. Медициналық ұйымның рейтингі (Медициналық ұйым үшін олардың арасында Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі бекіткен әдістеме бойынша алдыңғы жылы өткізілген рейтинг)				
1.	Амбулаториялық-емханалық ұйымдар (ересектер, балалар, аралас) (max 7)	7-тиімділік коэффициенті 0,6-дан жоғары 5-тиімділік коэффициенті 0,4-тен 0,6-ға дейін 3-тиімділік коэффициенті 0,4-тен төмен		
2.	Алғашқы медициналық-санитариялық көмек орталықтары (max 7)	7-тиімділік коэффициенті 0,6-дан жоғары 5-тиімділік коэффициенті 0,4-тен 0,6-ға дейін 3-тиімділік коэффициенті 0,4-тен төмен		
3.	Стационарлық медициналық ұйымдар (ересектер, балалар) (max 7)	7-тиімділік коэффициенті 0,6-дан жоғары 5-тиімділік коэффициенті 0,4-тен 0,6-ға дейін 3-тиімділік коэффициенті 0,4-тен төмен		
		7-тиімділік коэффициенті 0,6-дан жоғары		



4	Босандыру ұйымдары (перзентханалар, перинаталдық орталықтар) (max 7)	5-тиімділік коэффициенті 0,4-тен 0,6-ға дейін 3-тиімділік коэффициенті 0,4-тен төмен		
III. Корпоративтік басқару				
1.	Шаруашылық жүргізу құқығына көшу (max 7)	7 – ауысу жүзеге асырылды 0-ауысу жүзеге асырылған жоқ		
2.	Байқау кеңесін енгізу (max 7)	7-енгізілген 0-енгізілмеген		
3.	Байқау кеңесінің жұмыс істеуі (алдыңғы жылдың қорытындысы бойынша отырыстар саны, 4 және одан көп) (max 7)	7-4 және одан да көп өткізілді 5-2-ден 3-ке дейін өткізілді 0-өткізілген жоқ		
IV. Бонус (қосымша)				
1.	Менеджердің жетістіктері (max 7)	7- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің төсбелгілері 6- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің құрмет грамоталары 5- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің алғыс хаттары 1-басқа марапаттар (соның ішінде жергілікті деңгейде)		
2.	Инновациялық қызмет (қызмет түрінің атауын көрсету) (max 7)	7-гранттық жобалар, жаңа медициналық технологиялар, ұқыпты өндіріс технологияларын енгізу, ғылыми-зерттеу жұмыстары		
	Медициналық ұйымның ресми сайтының (немесе			

3.	әлеуметтік желілердегі аккаунттың) болуы*	3-бар 0-жоқ		
4.	Сараланған еңбекке ақы төлеуді қолдану**	3-қолданылады 0-қолданылмайды		

<sup>2</sup> Бұл бағанда конкурсанттың әрбір индикатор бойынша нақты бағаға сәйкестігін растайтын толық және егжей-тегжейлі мәліметтер көрсетіледі

Балдардың жалпы саны \_\_\_\_\_

"Өз кәсібінің үздігі"  
атағын беру қағидаларына  
5-қосымша

**"Үздік медициналық ЖОО оқытушысы" номинациясы бойынша атақ беруге конкурсқа қатысушының жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштері**

Номинация \_\_\_\_\_

Конкурсанттың Т. А. Ә. (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Конкурсанттың лауазымы \_\_\_\_\_

Медициналық ұйымның атауы \_\_\_\_\_

№	Көрсеткіштер	Баға, балл	Негізгі сипаттамалары (көрсеткіштің компоненттері)	Конкурсанттың баллы	Конкурсанттың көрсеткіштің көрсетілген компонентіне сәйкестігі туралы ақпарат <sup>3</sup>
		4	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет), немесе Қазақстан Республикасының Жоғары аттестаттау комитеті (бұдан әрі – ЖАК), немесе Кеңестік Социалистік Республикалар		

1	Академиялық, ғылыми дәрежесінің, ғылыми атағының болуы (екіден аспайтын тармақты белгілеу)		Одағының Жоғары аттестаттау комитеті (бұдан әрі – КСРО ЖАК) берген ғылымдар докторы		
		4	Комитет тағайындаған профессор не ҚР ЖАК, не КСРО ЖАК		
		2	Комитеті ҚР ЖАК немесе КСРО ЖАК тағайындаған ғылымдар кандидаты		
		2	PhD докторы, Комитеті тағайындаған бейіні бойынша доктор		
		2	Комитет, ҚР ЖАК немесе КСРО ЖАК берген қауымдастырылған профессор (доцент)		
2	Соңғы жылдағы "Оқытушы студенттердің көзімен" тәуелсіз сауалнама нәтижелері ескерілген отырып оқыту сапасы (бір тармақты белгілеу)		Жоғары баға берілді:		
		4	сауалнамаға қатысқандар 90 % және одан көп		
		3	сауалнамаға қатысқандар 70 % - дан 8 9% - на дейін		
		2	сауалнамаға қатысқандар 50 %-дан 69 % - на дейін		
		1	сауалнамаға қатысқандар 50 %-ға дейін		
			Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау		

3	Соңғы үш жылдағы әзірлеме, оған қатысу және басып шығару (жеке немесе алғашқы бес автордың қатарында) *	8	министрлігі (ғылыми-медициналық сараптама нәтижелері бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Оқу-әдістемелік бірлестігінің (бұдан әрі – РОӘК ОӘБ) немесе ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ), ҚР Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – ҚР ОАМ) шешімі бойынша) ұсынған оқулық		
